

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

6B02124-Медиаөнер

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

білім беру бағдарламасына

сараптамалық қорытынды

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)
 - А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Қазіргі таңда ақпарат құралдарының коммуникация қызметін атқаруы медианың жаңа мүмкіндіктерін игеруге жол ашып отыр. Осы орайда білім беру бағдарламасы шығармашылық және технологиялық әдістерді оқытуға бағытталуын қолдаймыз. Себебі баспа, фото, кино, телерадио, мобильді құрылғылар мен электронды кітаптар дайындау – уақыт талабы. Медиамаманның шығармашылық тұрғыдан сауатты, технологиялық жағынан қабілетті болуы маңызды. Сондықтан да білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығында сұранысқа ие, қажетті мамандықтың бірі.
 - Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда) Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған. Ұлттық біліктілік, салалық біліктілік шеңбері мен кәсіби стандартқа негізделген. Оқыту нәтижелері бойынша кәсіби құзыреттіліктер дұрыс анықталған.
 - В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі Білім беру бағдарламасы заманауи медианың барлық салаларына қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қамтыған. Бүгінгі редакцияға, баспаға, кино, театр өнеріне креативті шығармашыл, технологияның мүмкіндіктерін меңгерген кәсіби мамандар аса қажет. Тіпті әлеуметтік желілерде түрлі аудио, видеоматериалдарды жүктеу немесе жеке арнасын ашу, оны жүргізудің түрлі тәсілдерін үйрету болашақ медиамаман үшін маңызды.
2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар Білім беру бағдарламасында теориялық пәндерден (Баспасөз және баспа тарихы, Медиа теориясы мен тәжірибесі) гөрі тәжірибеге негізделген курстарды жоспарлау қажет. Медиамәтін жазу, Копирайтинг және спичрайтинг және т.б. пәндер дұрыс таңдалған.
3. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.
4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

Түркiстан газетiнiң бас редакторы



Б.БАБАЖАНҰЛЫ